

Шаруа (фермерлік) шаруашылықтары мен олар үшін жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге салық салудың оңайлатылған режимі туралы нұсқау

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 21 мамыр N 535. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 8 маусымда тіркелді. Тіркеу N 799. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді----- Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексі (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

41. "Олар үшін жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын шаруа (фермерлік) шаруашылықтары мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге салық салудың оңайлатылған режимі туралы" Нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің 1999 жылғы 21 мамырдағы N 535 V990799_ бұйрығы. -----

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Осы нұсқау "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.

Ескерту: 1-тарау өзгертілді - ҚР Кіріс министрлігінің 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 384 бұйрығымен. V001156_

2. Нұсқау Шаруа (фермерлік) шаруашылықтары (бұдан әрі - Шаруашылық) мен олар үшін жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге арналған жерді пайдалануға байланысты, сондай-ақ өз өндірісіндегі ауыл шаруашылығы өнімін өңдейтін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге (бұдан әрі - Ауыл шаруашылығы

тауарын өндіруші) салық салудың оңайлатылған режимін белгілейді.

Салық салудың жеңілдетілген режимі субъектінің жүргізудегі екі рет жазуды және қаржы-шаруашылық қызметінде бухгалтерлік есеп шоттардың жоспарын қолданбауын білдіреді.

3. Шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді салық салудың оңайлатылған режиміне көшіру оларда жұмыс істейтін қызметкерлердің саны мен ауыл шаруашылығы өндірісінің кіріс көлеміне қарамастан жүргізіледі.

4. Патенттің құнын есептеу кезінде бюджетке төленуге тиісті салықтар сомасы жерді пайдаланып ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын шаруа (фермерлік) шаруашылықтары мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін 80 процентке кемітіледі.

5. Ұйымдар, азаматтар, мемлекеттік органдармен қарымқатынастарда Шаруашылықтың мүдделерін Шаруашылық Басшысы (бұдан әрі - Басшы) білдіреді. Ол заңда тыйым салынбаған азаматтық-құқықтық мәмілелерді де жүзеге асырады.

6. Шаруашылық ұйымдастыру үшін жер учаскесін алуға тілек білдірген азаматтар жер беру құқығы бар жергілікті атқарушы органға жер пайдалану құқығын беру туралы өтініш береді.

7. Тұрақты жер пайдалану құқығына акт не әрбір жер учаскесіндегі жерді уақытша пайдалану туралы шарт Басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен беріледі.

2. Оңайлатылған салық режимінің субъектілері

8. Олар үшін жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге арналған жерді пайдалануға байланысты, сондай-ақ өз өндірісіндегі ауыл шаруашылығы өнімін өңдейтін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мен Шаруашылықтар оңайлатылған салық режимінің субъектілері болып табылады.

3. Мемлекеттік тіркеу

9. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Шаруашылықтарды мемлекеттік тіркеу жеке сипатта жүргізіліп, тұрақты жер пайдалану құқығына акт не әрбір жер учаскесіндегі жерді уақытша пайдалану туралы шарт тіркелген жер бойынша аумақтық салық органында

зандық тұлғаны құрмаған жеке кәсіпкер ретінде есепке алу болып табылады.

11. Мынадай шарттардың біріне жауап беретін:

- тұрақты негізде жалдамалы еңбекті пайдаланатындары;
- Қазақстан Республикасының заң актілерінде жеке адамдарға белгіленген жылдық жиынтық табыстың салық салынбайтын мөлшерінен асатын мөлшерде салық заңдарына сәйкес есептелген кәсіпкерлік қызметінде жылдық жиынтық табысы бар жеке кәсіпкерлер міндетті түрде мемлекеттік тіркелуге жатады.

12. Жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелу үшін Басшы аумақтық салық о р г а н ы н а :

1) Басшының белгіленген нысандағы өтініші (1 қосымша).

Бірлескен жеке кәсіпкерлікті тіркеген жағдайда Басшы сонымен бір мезгілде Шаруашылықтың басқа мүшелерінен де осындай өтініштер тапсырады.

2) Тұрақты жер пайдалану құқығына акт не әрбір жер учаскесіндегі жерді у а қ ы т ш а п а й д а л а н у т у р а л ы ш а р т .

3) Басшының 3x4 см. мөлшердегі суреті.

Басқа құжаттарды талап етуге тыйым салынады.

13. Егер өтініште өзгеше мерзім көрсетілмесе, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу куәлігі (бұдан әрі - Куәлік) мерзімсіз беріледі. Бірлескен жеке кәсіпкерлікті тіркеген жағдайда Куәлік Шаруашылықтың барлық мүшелері тізіліп, ж а з ы л ы п б е р і л е д і .

14. Куәлікті Шаруашылыққа беруді аумақтық салық органдары кәсіпкерлік қызметпен айналысушы азаматтарды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеусіз жүзеге асырылуы тиіс. Осы Нұсқаудың 12 тармағында аталған құжаттар және куәлік бланкісінің құнын төлеген болса, салық органдары Шаруашылықты мемлекеттік тіркеуді құжаттар тапсырылған күні жүргізеді.

15. Куәліктен айыруға, оны басқа адамдарға беруге болмайды. Куәліктің кез келген көшірмесі (соның ішінде ксерокөшірме және фотокөшірме) олардың негізінде кәсіпкерлік қызмет жүзеге асырылатын құжат болып табылмайды.

16. Салық органдары берілетін Куәліктерді Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді тіркеу (беру) журналында есепке алуы тиіс.

17. Куәлік жоғалса, Басшының өтінішіне сәйкес дубликат беріледі. Осы ретте дубликат б л а н к і с і н і ң қ ұ н ы т ө л е н е д і .

18. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беруге өтініштегі мәліметтер өзгерсе, Шаруашылық бланк құнын төлеп қайта тіркеуді жүзеге асырады және жаңа к у ә л і к а л у ы т и і с .

19. Кәсіпкерлік қызмет тоқтатылған немесе күшінде болу мерзімі біткен жағдайда (өтініште көрсетілген мерзімге сәйкес) куәлік оны берген салық о р г а н ы н а т а п с ы р ы л у ы т и і с .

20. Шаруашылықта куәліктің болуы мынадай жағдайларда, егер:

- олардың негізінде Шаруашылық өз қызметін жүзеге асыратын құжаттардың (Патент, Кірістер мен шығыстарды есепке алу кітабы, лицензия) болмаса;
- Патенттің немесе лицензияның күшінде болу мерзімі аяқталса оған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығы берілмейді.

4. Оңайлатылған салық режимінің турлері

21. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің патенті негізінде бекітілген жиынтық салықтың оңайлатылған салық режимі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген әдеттегі салық салу жүйесімен қатар қолданылады. Оңайлатылған режимді немесе әдеттегі жүйеге көшуді қоса алғанда, салық салу жүйесін таңдау құқығы осы Нұсқауда көзделген тәртіппен ерікті түрде беріледі.

22. Шаруашылық салық органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен кезде салық заңдарында белгіленген оңайлатылған салық режимінің біреуін таңдап алады: 1) Патент негізінде (бұдан әрі - Патент негізінде жұмыс істейтін Шаруашылықтар) бекітілген жиынтық салық сомасы; 2) Кірістер мен шығыстарды есепке алу кітабы (бұдан әрі - есепке алу негізінде жұмыс істейтін Шаруашылықтар). 5. Патент негізінде бекітілген жиынтық салық негізінде оңайлатылған салық режимі 23. Патентті аумақтық салық органы Шаруашылықтар мен Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне күнтізбелік бір жылдан аспайтын мерзімге береді. Патент нысанын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеп, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады. 24. Аумақтық салық органына Патент алу үшін Басшы мыналарды тапсырады: 1) белгіленген нысандағы өтініш (2 қосымша); 2) тұрақты пайдалану құқығына акт (уақытша пайдалану туралы шарт); 3) 3x4 см. көлеміндегі сурет; 4) бекітілген жиынтық салықтың мерзімінде және Патент бланкі құнының төленгенін растайтын құжаттар; 5) асырауында адамдар бар екені туралы анықтама;

б) қызметкерлерді жалға алуы туралы шарттар (онда: жеке басы куәлігінің мәліметтері, мекен-жайы, жалдану мерзімі, төленетін еңбекақы мөлшері, қажетті еңбек жағдайлары мен әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс берушінің міндеттемелері міндетті түрде көрсетіледі);

7) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

8) лицензия көшірмесі (лицензияланатын қызмет түрі жүзеге асырылған жағдайда);

9) есеп айырысу шоттары жайлы ақпараттар.

Жоғарыда аталған барлық құжаттар болса, салық органы Шаруашылыққа Патентті 3 жұмыс күні ішінде, ал келіспеушіліктер туындаған жағдайларда 10 күн ішінде беруі қажет.

25. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін құжаттарды берудің осындай тәртібі сақталады, осы Нұсқаудың 24-тармағы 3), 7) тармақшаларынан басқа. Өтініш 3 қосымшада белгіленген нысанда беріледі.

26. Егер Шаруашылық немесе Ауыл шаруашылығы тауарларын өндіруші айналысуға ниеттеген қызмет "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес лицензияланатын болса, онда аталған Жарлықтың 7-бабы 1 тармақшасына сәйкес осындай қызмет түрімен айналысу құқығына Патент беру ол лицензия алғаннан кейін жүзеге асырылады. Лицензия жоғарыда аталған Жарлықта көзделген тәртіппен беріледі.

27. Салық органдары берілетін Патенттерді Патенттерді беруді тіркеу журналында есепке алуы тиіс.

28. Патентті жеке айыруға болмайды, оны басқа адамдарға беруге тыйым салынады. Патент жоғалған жағдайда, салық төлеушінің өтініші бойынша Патенттің дубликаты беріледі.

29. Патент негізінде қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер бекітілген жиынтық салықты төлеп, Патент құнының есебіне енгізілген салықтар бойынша декларация беруден, есеп жүргізуден босатылады.

30. Осы Патент тек қана ауыл шаруашылығы мақсатындағы ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану, өзінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу және өткізумен байланысты қызметке қолданылады. Басқа қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін Шаруашылық тиісті қызмет түріне патент алуы не қызметті кірістер мен шығыстар кітабын жүргізіп жүзеге асыруы қажет. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер мұндай жағдайда жеке есепке алуды жүргізуді қажет.

31. Оған ҚҚС, әлеуметтік салық, кәсіпкерлік қызметтің кірістерінің табыс салығы (Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін - заңды тұлғаның кірісінен), жеке адамдардан табыс көзінде алынатын табыс салығы, зейнетақы қорларына аударымдар, жер салығы, мүлік салығы, көлік салығы енетін бекітілген жиынтық салық Патенттің құны болып табылады. Патенттің құны 4 қосымшада, Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін 7 қосымшада келтірілген нысанда айқындалады. Салық төлеуші бекітілген жиынтық салықтан басқа Патенттің құнына енгізілмеген алымдар, төлемдер (су үшін төлем, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем және т.б.) бойынша есеп айырысулар мен декларацияларды дербес тапсырып, оларды төлейді.

32. Бекітілген жиынтық салық сомасын төлеу төлемдерді төрт мерзімге бөліп жүзеге асырылады :

- Патент құнының 1/6 бөлігін алу сәтінде;
- Патент құнының 1/6 бөлігі бойынша 20 мамыр, 20 тамызда;

- Патент құнының қалған бөлігін 20 қарашада.

Жұмыстардың маусымдық сипаты кезінде Шаруашылықтар мен Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер салық органдарымен келісіп Патент құнын төлеудің өзге мерзімін белгілеуі мүмкін. Егер Патент міндетті төлем мерзімдерінің бірі өткен кезде берілсе, онда патент алу сәтінде өткен мерзімдер бойынша сомалар да төленуі тиіс.

33. Патент бойынша жұмыс істейтін салық төлеушілер Патентте көрсетілген мөлшер мен сомада ҚҚС төлеушілер болып табылады және белгіленген үлгідегі салық фактура шоттарын тек қана жорамал табыс пен Патент құнын айқындау кезінде қабылданған сомалар шегінде жазуы тиіс. Салық фактура шоттарының бланкілерін салық органына салық төлеуші береді.

34. Салық органы Патентті беру кезінде сонымен бір мезгілде салық фактура шоттарын да тіркейді, олар бір-бірімен жапсырылып, нөмірленеді және Патентті берген салық органының мөрімен, сондай-ақ салық органы басшысының немесе басшы орынбасарының қолымен куәландырылады. Салық органы бірінші салық фактура шотының сол жағында Патент құнын айқындау кезінде қабылданған (5 жол) ҚҚС сомасын, ал әрбір салық фактура шотының оң бөлігінде - СТТН, Патенттің сериясы мен нөмірін қояды. Салық фактура шотының сол жағы (түбіршегі) сатушыда қалып, ал оң бөлігі сатып алушыға беріледі.

35. Салық төлеуші салық фактура шотын жазған кезде салық фактура шотының сол жағында берілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) үшін сатып алушыға ҚҚС сомасын көрсетеді, нақ сонда ҚҚС-ның пайдаланылмаған сомасының қалдығын жазады. Салық төлеуші салық фактура шоттарын тек қана көрсетілген қалдық шегінде (ҚҚС-ның пайдаланылмаған с о м а с ы) ж а з у ғ а қ ұ қ ы л ы .

36. Барлық салық фактура шоттарын пайдалану кезінде олардың түбіршектері міндетті түрде оларды берген салық органына тапсырылуы тиіс, онда олар салық төлеушінің ісінде сақталады. Тек қана пайдаланылған салық фактура шоттарының түбіршектерін тапсыру, сондай-ақ ҚҚС қалдығының пайдаланылмаған сомасы бар болса, салық төлеуші ондағы қалдықтарды көшіргеннен кейін сатып алушылармен салық бойынша одан әрі есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін салық фактура шоттарының жаңа бланкілерін салық органында куәландыруға құқылы.

37. Жыл ішінде жорамал жылдық жиынтық табыстың сомасы өзгерсе, салық төлеуші Патенттің құнын қайта есептеу үшін салық органына өтініш жасауға құқылы, мұның өзінде бұрын төленген сома ескеріледі.

38. Кәсіпкерлік қызмет Патенттің қолданылу мерзімі біткенге дейін тоқтатылса, бекітілген жиынтық салық сомасының енгізілген сомасы қайтаруға және қайта есептеуге жатпайды.

6. Кірістер мен шығыстар кітабын жүргізу кезіндегі салық режимі

39. Осы Нұсқаудың 11 тармағының шарттарын сақтап, кірістер мен шығыстар кітабын жүргізу кезіндегі оңайлатылған салық режимі бойынша жұмыс істеуге тілек білдірген шаруашылықтар Куәлік алғаннан кейін салық органына кірістер мен шығыстар кітабын (бұдан әрі - Есепке алу кітабы) тапсырады, онда міндетті түрде бірінші бетте Шаруашылық атауы, Басшының тегі, аты-жөні, СТТН, Куәліктің тіркелген нөмірі мен берілген күні, нөмір, сериясы, банк шоттарының нөмірлері жазылады. Есепке алу кітабы нөмірленіп, тігіледі, салық органы басшысының қолы қойылып, салық органының мөрмен таңбаланады.

40. Есепке алуды жүргізіп, жұмыс істейтін шаруашылықтар салықтар, алымдар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдерді төлеушілер болып табылады және оларға салық салу салық заңдарына сәйкес (декларация тапсырады, аванстық төлемдерді төлейді және т.с.с.) жүзеге асырылады. Есепке алуды жүргізу Есепке алу кітабының негізінде қосарлы жазба әдісін қолданусыз және бухгалтерлік есепке алу шоттары бойынша операцияларды көрсетусіз оңайлатылған нысанда жүзеге асырылады. Есепке алу кітабының негізінде жұмыс істейтін шаруашылықтар сатып алушы-тұтынушыға бақылау чегін беріп, фискалдық жадуалы бар бақылау-кассалық аппараттары арқылы операциялар жүргізеді.

7. Оңайлатылған салық режимін қолданатын Ауыл шаруашылығы т а у а р л а р ы н

өндірушілер мен Шаруашылықтардың жауапкершілігі

41. Оңайлатылған салық режимін қолданатын кәсіпкерлердің жауапкершілігі "Салық және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес туындайды. 42. Есеп айырысуға тапсырылған Патентте төте тексерістер нәтижелері бойынша салық салынатын база мөлшері анықталса, салық төлеушіге қолданыстағы заңдарға сәйкес санкциялар қолданылады. 43. Төлем көзінде ұсталатын табыс салығын бюджетке аудару мен ұстау, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлер үшін зейнетақы жинақтау қорына қаражаттың уақтылы және толық аударылуына табысты төлеген жұмыс беруші жауап береді. Нұсқауға 1 қосымша _____ бойынша Салық комитетінің Басшысына " _____ " (салық төлеушінің атауы) _____ (аты-жөні)

СТТН _____

_____ (тұрғылықты жер адресі) Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы
Куәлік алуға Өтініш Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы _____

_____ мерзімге Куәлік беруді өтінемін. Тұлғаны куәліктендіретін құжат:

сериясы _____ N _____

_____ (кім және қашан берілген) _____

_____ берілген _____

_____ (туған жері)

Орналасқан жері _____

_____ (егерде болса,

кәсіпорынның мекен-жайы) Маған менің міндеттерім мен құқықтарым
түсіндірілді. _____ ж. " ____ " _____.

_____ (өтініш берген күні) (кәсіпкердің қолы) _____ ж. " ____ " _____

_____ (өтініштің қабылданған күні) (аты-жөні,

қолы) Нұсқауға 2 Қосымша _____

_____ бойынша Салық комитетінің Басшысына " _____ " (

салық төлеушінің атауы) _____

_____ (аты-жөні) СТТН _____

_____ (тұрғылықты жер адресі) Шаруа (фермер) қожалығы

басшысының патент алуға өтініші 1999 ж. " ____ " _____ 1999 ж. " ____ " _____

_____ дейінгі мерзімге _____ теңгеде күтілетін жиынтық

жылдық кірістегі _____

_____ (қызмет түрі) жүргізуге Патент беруді өтінемін Тұлғаны

куәліктендіретін құжат: сериясы _____ N _____

_____ (кім және қашан

берілген) _____

берілген Қызметті жүргізетін орны _____

_____ (тұрақты орналасқан жеріндегі мекен-жайы) Ұсынылатын салықтық

шот-фактуралардың саны _____ Жалдамалы

жұмыскерлердің саны _____ оның ішінде

зейнеткерлер _____ Асырауындағы

адамдар саны* _____ Жеңілдіктері

барлығын куәландыратын құжат _____ ж. " ____ " _____

_____ (өтініш берген күні) (

кәсіпкердің қолы) _____ ж. " ____ " _____.

_____ (өтініштің қабылданған күні) (салық инспекторының қолы,

а т ы - ж ө н і)

* Асырауындағы адамдар саны асырауында адамдар барлығы туралы анықтамамен расталады. * Маған құқықтары мен міндеттерім түсіндірілді және осы өтініште келтірілген мәліметтердің шындығы мен толықтығына заң алдында жауап беремін. Нұсқауға 3 қосымша _____
_____ бойынша Салық комитетінің Басшысына " _____
_____ " (салық төлеушінің атауы) _____
_____ СТТН _____
_____ (басшының аты-жөні) _____
_____ (заңдық мекен-жайы) Ауыл шаруашылығы тауар өндірушісінің патент алуға өтініші 1999 ж " ____ " _____ 1999 ж " ____ " _____
_____ дейінгі мерзімге _____ теңгеде күтілетін жиынтық жылдық кірістегі _____
_____ (қызмет түрі) жүргізуге Патент беруді өтінемін Қызметті жүргізетін орны _____
_____ (тұрақты орналасқан жеріндегі мекен-жайы) Ұсынылатын салықтық шот-фактуралардың саны _____
_ Жалдамалы қызметкерлердің саны _____
_____ ж. " ____ " _____ (өтініш берген күні) (кәсіпкердің қолы) _____ ж. " ____ " _____
_____ (өтініштің қабылданған күні) (салық инспекторының қолы, аты-жөні) * Маған құқықтарым мен міндеттерім түсіндірілді және осы өтініште келтірілген мәліметтердің шындығы мен толықтығына заң алдында жауап беремін. Нұсқауға 4 қосымша СТТН _____
_____ (салық төлеуші) (ауданы, қаласы) _____
_____ бойынша (шаруашылық атауы) _____
_____ (Шаруашылық басшысының (ұсынылған күні) аты-жөні) Қызмет түрі _____
_____ Жер өндірістік негізгі құрал болып табылатын шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін _____ жылға негізделген Патент құнының есебі Шаруашылық қызметкерлерінің саны-жалпы(адам)- оның ішінде: шаруашылық мүшелері- жалдамалы қызметкерлер- -----
----- N ! Негізгі көрсеткіштер ! Теңгедегі п/ ! 1 Сомма п !! -
----- 1 Жердің жалпы көлемі (га) ----- 2 ҚР Мемжерком органдарының мәліметтері бойынша жер учаскесінің бағалау бағасы -----
----- 3 Тіркелген жиынтық жер

салығы-жалпы Оның ішінде: жер салығы табыс салығы (0,25 % x 2 жол) -----
----- 4 ҚҚС-ты есептей отыра жердің
жалпы көлемінен алынатын жиынтық жылдық кіріс -----
----- 5 оның ішінде ҚҚС -----
----- 6 ҚҚС-ты есептей отыра жердің жалпы көлемінен
алынатын кіріс алуға байланысты шығыстар -----
----- 7 оның ішінде ҚҚС -----
----- 8 Төленуге тиісті ҚҚС сомасы (5 жол - 7 жол) -----
----- 9 Мүлікке салынатын салық -----
----- 10 Көлік құралдарына салынатын
салық ----- 11 5 %
элеуметтік салықты (4 жол - 6 жол) анықтау үшін Шаруашылықтың салық
салынатын кірісі ----- 12
Салық салынатын кірістен Шаруашылықтың элеуметтік салығы (11 жол x 5%) ---
----- 13 Салық жылына әрбір
жалдамалы қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштен 49 % мөлшерінде
элеуметтік салық ----- 14
Жеңілдетуге (жол сомалары: 3, 8, 9, 10, 12, 13) жататын жалпы салықтардың
сомасы ----- 15 Төленуге
тиісті салықтар сомасы (14 жол x 20%) -----
----- 16 Шаруашылықтың жалдамалы қызметкерлерінің төлем
көздерінен ұсталатын табыс салығы -----
----- 17 Жинақталатын зейнеткерлік қорларына міндетті зейнеткерлік
жарналар ----- 18 Патент
бағасы - тіркелген жиынтық салық сомасы (жол сомасы; 15, 16,17) -----
----- " " I мерзім. " "
II мерзім. " " III мерзім. " " IV мерзім. Тіркелген жиынтық
салық сомасы е/ш аударылуы тиіс _____

Ескерту: Есеп айырысу екі данада жасалады.

МП _____ (салық
инспекторының аты-жөні) (қолы) _____
_____ (салық органы басшысының аты-жөні) (қолы) Таныстым: _____
_____ (шаруашылық
басшысының аты-жөні) (қолы) Нұсқауға 5 Қосымша СТТН _____
_____ (салық төлеуші) (ауданы, қаласы) _____
_____ бойынша (шаруашылық
атауы) _____ (
Шаруашылық басшысының (ұсынылған күні) аты-жөні) Қызмет түрі _____
_____ Жер негізгі өндіріс құралы болып

табылатын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер үшін _____ жылға негізделген Патент құнының есебі Қызметкерлердің саны, жалпы (адам) - -----
----- N ! Негізгі көрсеткіштер ! Теңгедегі п/ ! 1
Сума п ! ! ----- 1 Жердің жалпы көлемі (га) ----- 2
Орташа жылдық еңбек ақы төлеу қоры -----
----- 3 ҚҚС-ты есептей отыра жердің жалпы көлемінен алынатын жиынтық жылдық кіріс -----
4 оның ішінде ҚҚС ----- 5
ҚҚС-ты есептей отыра жердің жалпы көлемінен алынатын кіріс алуға байланысты шығыстар -----
6 оның ішінде ҚҚС ----- 7
Төленуге тиісті ҚҚС сомасы (4 жол - 6 жол) -----
----- 8 Жер салығы -----
----- 9 Мүлікке салынатын салық -----
----- 10 Көлік құралдарына салынатын салық -----
----- 11 Әлеуметтік салық -----
----- 12 Салық салынатын кіріс (3 жолдан 5, 7, 8, 9, 10, 11, 17 жол сомаларынан есептеп алып тастау) -----
----- 13 Занды тұлғаның кірісінен алынатын табыс салығы (12 жол x 10%) ----- 14
Жеңілдетуге (жол сомалары: 7, 8, 9, 10, 11, 13) жататын жалпы салықтардың сомасы ----- 15
Төленуге тиісті салықтар сомасы (14 жол x 20%) -----
----- 16 Төлем көздерінен ұсталатын табыс салығы -----
----- 17 Жинақталатын зейнеткерлік қорларына міндетті зейнеткерлік жарналар -----
----- 18 Патент бағасы - тіркелген жиынтық салық сомасы (жол сомасы: 15, 16, 17) ----- "___" I мерзім. _____ "___" II мерзім. _____ "___" III мерзім. _____ "___" IV мерзім.
Тіркелген жиынтық салық сомасы е/ш аударылуы тиіс _____
_____ Ескерту: Есеп айырысу екі данада жасалады. МО _____ (салық инспекторының аты-жөні) (қолы) _____ (салық органы басшысының аты-жөні) (қолы) Таныстым: _____ (шаруашылық басшысының аты-жөні) (қолы) Нұсқауға 6 Қосымша Олар үшін жер негізгі өндіріс құралы болып табылатын шаруа (фермерлік) қожалықтар патенттері бағаларын анықтау бойынша Нұсқау

1. 1 және 2 жолдар әрдайым жерді пайдалануға (бұдан әрі - Акт) құқық беретін Акті немесе жерді уақытша пайдалану туралы келісім-шарт негізінде т о л т ы р ы л а д ы .

2. 3 жол бойынша жер салығының тіркелген сомасы көрсетіледі. Мұның өзінде, жер салығы Акті мәліметтері негізінде салық заңдылығына сәйкес жалпы белгіленген тәртіпте есептеледі, табыс салығы жердің бағалау бағасынан 0,25% ставка бойынша есептеледі.

3. 4 жолды толтыру кезінде Шаруашылықпен көрсетілген жиынтық жылдық кіріс сомасын еске алу қажет. Мұның өзінде, нақты соманың шындығын аймақ бойынша орташа мәліметтермен талдау жасалуы керек.

4. 6 жолда Шаруашылықтың өткен жылғы ҚҚС бойынша шығындары инфляция коэффициенті ескеріліп, көрсетіледі.

5. 9, 10 жолдар Басшы ұсынған мәліметтер негізінде салық заңдылығына сәйкес жалпы белгіленген тәртіпте айқындалады.

6. 12 жол бойынша айқындалған сома өзіне және Шаруашылық мүшелеріне әлеуметтік салық сомасын енгізеді.

7. 14 жол бойынша салықтар мен заңдылық Жарлығының 138-бабының соңғы абзацына сәйкес жеңілдетілуге тиісті есептелген салықтар сомасы көрсетіледі. Мұның өзінде, төлем көздерінен ұсталатын жалдамалы қызметкерлердің табыс салығы сомасы енгізілмейді, өйткені жеңілдік Шаруашылықпен берілген және жалдамалы қызметкерлердің кірістеріне таралмайды.

10. 16 жол бойынша Қызметкерді жалдау шартында көрсетілген, салық заңдарында өзіне және асырауындағы адамдарға тиісті анықтама болған жағдайда, көзделген шегерімдерді ескеріп жалдамалы қызметкердің еңбек ақы сомаларын басшылыққа алып айқындалған және төлем көзінде ұсталған табыс салығының сомасы көрсетіледі.

11. 17 жол бойынша Басшымен өзі, Шаруашылық мүшелері және жалдамалы қызметкерлер үшін зейнеткерлік жинақтау қорына жіберілген міндетті зейнеткерлік жарналардың сомасы айқындалады.

"Зейнетақы жинақтау қорларына міндетті зейнетақылық жарналарды ұстап қалу мен аудару Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 P990245_ қаулысына сәйкес Патент сатып алған Шаруашылықтардың зейнетақы жинақтау қорларына міндетті зейнетақы жарналарын жалдау туралы Шартта көрсетілген еңбек ақының 10 мөлшерінде, бірақ заң актілерінде белгіленген ең төменгі еңбекақыдан төмен емес мөлшерде ұстап қалынады және аударылады. (Мысалы: 1999 жылы заңмен ең аз айлық еңбек ақының мынадай мөлшерлері белгіленді: 1999 жылдың 1 қаңтарынан - 2440 теңге; 1999 жылдың 1 сәуірінен - 2650 теңге; 1999 жылдың 1 қазанынан - 2680; 1999 жылға жалпы жылдық ең аз еңбек ақының 10 % - 3126 теңге құрайды)

. Нұсқауға 7 Қосымша Олар үшін жер негізгі құралы болып табылатын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің патенттері бағаларын анықтау бойынша Нұсқау 1. 2 және 5 жолдар соңғы жылдың мәліметтері инфляция коэффициенттері ескеріліп, есептеледі. 2. 3 жолды толтыру кезінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі көрсеткен жиынтық жылдық кіріс сомасынан шыға отыра көрсету қажет. Мұның өзінде, осы соманың шындығы аймақ бойынша орташа мәліметтермен талдау жасалуы керек. 3. 8, 9, 10, 11, 16 жолдар салық заңдылығына сәйкес жалпы белгіленген тәртіпте айқындалады. 4. 17 жол шаруа (фермерлік) қожалықтары үшін Патенттің бағасын айқындау бойынша Нұсқаулықтың 10 тармақ бөлімшесіне сәйкес есептеледі. Оқығандар:
Омарбекова А.Т. Икебаева Ә.Ж.